

2025-2027 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 5 мамырдағы № 8-26-1 шешімі

Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 15-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағының 3-тармақшасына, 85-бабының 2-тармағына, 91-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2025-2027 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 9 968 215,2 мың теңге;

салықтық түсімдер – 2 242 494,1 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 38 938,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 44 200,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 7 642 583,1 мың теңге;

2) шығындар – 10 022 823,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 30 341,0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 151 382,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 121 041,0 мың теңге;

4) қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржылық активтерді сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 84 948,9 мың теңге;

6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) - - 84 948,9 мың теңге;

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 84 948,9 мың теңге:

қарыздар түсімі – 199 835,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 121 041,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 6 154,9 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 16.06.2025 № 8-28-1(01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.07.2025 № 8-29-1 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.09.2025 № 8-31-1 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2025 жылға арналған аудандық бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, келіп түскен салықтық аударымдардың кемінде елу пайызы мөлшерінде облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;

3) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығын қоспағанда, жеке және заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы;

5) жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендердің жерлеріне және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

б) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралы салығын қоспағанда, көлік құралы салығы;

7) мыналарға салынатын акциздер:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектігі бар адамдарға арнайы жасалған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, мұнай еріткішке, жеңіл көмірсутектер қоспаларына және экологиялық отынға;

8) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

9) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым);

10) жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

12) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

13) жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін алым;

14) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

15) республикалық бюджетке есепке жатқызылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне төленетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар;

5) жер қойнауын пайдаланушылардың облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдары;

6) шетелдіктер үшін туристік жарналар;

7) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін немесе аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарыздарынан түсетін түсімдер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің есебіне жатқызылады.

6. Облыстық бюджеттен аудандық бюджетке 2025 жылға берілетін бюджеттік субвенциялар 1 276 688,0 мың теңге сомасында көзделсін.

7. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттері ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2025-2027 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

8. 2025 жылға арналған аудандық бюджетінде мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер ескерілсін.

Бюджеттік кредиттердің сомаларын бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2025-2027 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

9. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2025-2027 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

10. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 296 327,0 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Антоновка ауылдық округіне – 23 632,0 мың теңге;
Арықбалық ауылдық округіне – 35 407,0 мың теңге;
Гусаковка ауылдық округіне – 22 102,0 мың теңге;
Елецкий ауылдық округіне – 12 822,0 мың теңге;
Имантау ауылдық округіне – 31 560,0 мың теңге;
Казанка ауылдық округіне – 22 009,0 мың теңге;
Қамсақты ауылдық округіне – 23 854,0 мың теңге;
Қаратал ауылдық округіне – 16 629,0 мың теңге;
Константиновка ауылдық округіне – 25 111,0 мың теңге;
Лобанов ауылдық округіне – 19 671,0 мың теңге;
Нижнебурлук ауылдық округіне – 15 359,0 мың теңге;
Сырымбет ауылдық округіне – 22 107,0 мың теңге;
Украин ауылдық округіне – 26 064,0 мың теңге.

11. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2025-2027 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

12. 2025 жылға Айыртау аудандық жергілікті атқарушы органның резерві 27 033,4 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 16.06.2025 № 8-28-1(01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. Аудан бюджетінде 2025 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2024 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) республикалық және облыстық бюджеттерден нысаналы трансферттер мен кредиттерді қайтару есебінен 4-қосымшаға сәйкес шығыстар қарастырылсын.

13-1. 2025 жылға арналған аудандық жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар есебінен берілетін нысаналы трансферттері ескерілсін.

Ескерту. Шешім 13-1-тармақпен толықтырылды – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 31.07.2025 № 8-29-1 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің "2025-2027 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

14. Айыртау аудандық мәслихаттың келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "2025-2027 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихаттың 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 8-22-1 шешімі;

2) "2025-2027 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихаттың 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 8-22-1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Айыртау аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 18 наурыздағы № 8-24-1 шешімі.

15. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық
мәслихатының төрағасы

Г. Әбілқайырова

Айыртау аудандық мәслихатының
2025 жылғы 5 мамырдағы
№ 8-26-1 шешіміне
1 қосымша

2025 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 16.06.2025 № 8-28-1(01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.07.2025 № 8-29-1 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.09.2025 № 8-31-1 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.09.2025 № 8-32-1 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты			Атауы	Сома, мың теңге
	Сыныбы			
		Кішісыныбы		
1	2	3	4	5

			1) Кірістер	9 968 215,2
1			Салықтық түсімдер	2 242 494,1
	01		Табыс салығы	282 669,5
		1	Корпоративтік табыс салығы	240 000,0
		2	Жеке табыс салығы	42 669,5
	03		Әлеуметтік салық	1 225 351,0
		1	Әлеуметтік салық	1 225 351,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	363 161,3
		1	Мүлікке салынатын салықтар	358 361,3
		3	Жер салығы	3 000,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 800,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	346 312,3
		2	Акциздер	5 600,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	327 212,3
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	13 500,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	25 000,0
		1	Мемлекеттік баж	25 000,0
2			Салықтық емес түсімдер	38 938,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	13 938,0

		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	8 800,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	138,0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	5 000,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	25 000,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	25 000,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	44 200,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	41 200,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	41 200,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	3 000,0
		1	Жерді сату	3 000,0
4			Трансферттердің түсімдері	7 642 583,1
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	120,0
		03	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, аулдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	120,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан	7 642 463,1

			түсетін трансферттер	
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	7 642 463,1
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сума, мың теңге
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	10 022 823,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1 285 493,6
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	49 597,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	47 848,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	40,0
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	1 709,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	275 857,7
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	274 537,7
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 320,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	402 025,1

		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	93 055,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 721,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	992,0
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	60,0
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	305 197,1
	482		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және туризм бөлімі	37 440,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 400,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	40,0

	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	520 573,8
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	100 883,6
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	37 021,8
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	382 668,4
02			Қорғаныс	45 418,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	45 418,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	30 305,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 640,0
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары	13 473,0

			құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	3 043,0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 043,0
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	3 043,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	596 368,3
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	596 368,3
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	79 160,0
			Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт	

		004	және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	15 195,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	124 813,3
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	100,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	68 273,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 274,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге акы төлеу	1 000,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	186 535,0
		017	Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жекеле бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен,	107 658,0

			міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету	
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	60,0
		028	Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	8 903,0
		054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	740,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 657,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4 535 764,8
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 535 764,8
		007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (	12 572,0

			немесе) салу, реконструкциялау	
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	11 082,1
		011	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	1 500,0
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	65 530,0
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	135 929,9
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	344 781,8
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	3 859 435,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	104 934,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	631 053,2
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	42 336,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26 092,0

		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	340,0
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3 974,0
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	11 930,0
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	587 717,2
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	48 435,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	116,4
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	20 170,7
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	17 000,0
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	141 101,0

		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықының басқа да тілдерін дамыту	612,0
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	283 706,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	76 576,1
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 000,0
		021	Спорт объектілерін дамыту	1 000,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	136 067,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	60 341,5
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	60 341,5
	477		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі	75 726,0
			Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер	

		001	катынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	71 361,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 974,0
		009	Елді мекендерді жерге және шаруашылық жағынан орналастыру	2 391,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	6 444,4
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6 444,4
		005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	6 444,4
12			Көлік және коммуникация	1 200 010,4
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 200 010,4
		022	К ө л і к инфрақұрылымын дамыту	50 000,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс	110 000,0

			істеуін қамтамасыз ету	
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	16 143,1
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	1 023 867,3
13			Басқалар	501 741,2
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	170 033,4
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	170 033,4
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	331 707,8
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	331 707,8
14			Борышқа қызмет көрсету	138,0
			Ауданның (облыстық маңызы	

	459		бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	138,0
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	138,0
15			Трансферттер	1 081 280,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 081 280,7
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	44,7
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	784 909,0
		038	Субвенциялар	296 327,0
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	30 341,0
			Бюджеттік кредиттер	151 382,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	151 382,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)	151 382,0

			экономика және қаржы бөлімі	
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	151 382,0
Санаты			Атауы	Сума, мың теңге
	Сыныбы			
		Кішісыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	121 041,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	121 041,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	121 041,0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
Функционалдық топ			Атауы	Сума, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Қаржы активтерін сатып алу	0
13			Басқалар	0
Санаты			Атауы	Сума, мың теңге
	Сыныбы			
		Кішісыныбы		
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-84 948,9
			6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті)	-84 948,9

			7) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	84 948,9
7			Қарыздар түсімі	199 835,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	199 835,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	199 835,0
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сома, мың теңге
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	121 041,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	121 041,0
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	121 041,0
Санаты				
	Сыныбы		Атауы	Сома, мың теңге
		Кішісыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	6 154,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	6 154,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	6 154,9

Айыртау аудандық мәслихатының
2025 жылғы 5 мамырдағы
№ 8-26-1 шешіміне
2 қосымша

2026 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Санаты			Атауы	Сома, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5

			1) Кірістер	3 610 624,0
1			Салықтық түсімдер	2 251 828,0
	01		Табыс салығы	252 000,0
		1	Корпоративтік табыс салығы	252 000,0
	03		Әлеуметтік салық	1 458 973,0
		1	Әлеуметтік салық	1 458 973,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	210 000,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	210 000,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	304 605,0
		2	Акциздер	5 880,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	284 550,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	14 175,0
